

Н. ЖОЛМАНОВА¹✉, М. АБДИКАРИМОВА¹, Д. АЛИМБЕКОВ², А. АМАНҒАЗЫЕВА²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

(Қазақстан, Астана), e-mail: nazerke.jolmanova@iuth.edu.kz

²Халықаралық туризм және меймандостық университеті, (Қазақстан, Түркістан)

SENIOR TOURISM НАРЫҒЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН ДАМУ

ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Аңдатпа. Бұл ғылыми мақалада *senior tourism* нарығының қазіргі жағдайы мен даму тенденциялары жан-жақты талданады. Қазіргі кезеңдегі жаһандық демографиялық өзгерістер, әсіресе халықтың қартаю үдерісінің жеделдеуі үшін жас туристер сегментінің туристік индустриядағы рөлін айқындап отыр. Осыған байланысты егде жастағы туризм бағыты туризмнің әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан маңызды және перспективалы сегменттерінің бірі ретінде қарастырылады. Зерттеудің негізгі мақсаты - *senior tourism* нарығының қалыптасу ерекшеліктерін, даму бағыттарын және тұтынушылық сұранысының құрылымын анықтау. Зерттеу барысында егде жастағы туристердің саяхат мотивациясы, туристік мінез-құлқы, қызмет көрсету сапасына қойылатын талаптары мен туристік өнімді таңдау ерекшеліктерін зерттелді. Жұмыстың ғылыми маңыздылығы *senior tourism* ұғымының теориялық негіздерін жүйелеу және нарықтың дамуына әсер ететін негізгі факторларды айқындау арқылы көрініс табады. Ал практикалық маңыздылығы туристік ұйымдар мен қонақжайлылық индустриясы субъектілеріне арналған егде жастағы туристерге бейімделген туристік өнімдер мен қызметтерді әзірлеуге арналған ұсыныстарымен сипатталады. Зерттеу әдіснамасы ретінде ғылыми әдебиеттерді талдау, салыстырмалы талдау, статистикалық деректерді өңдеу және жүйелік тәсілге негізделген. Зерттеу нәтижелері *senior tourism* нарығының тұрақты даму әлеуеті жоғары екенін, сондай-ақ сауықтыру, мәдени-танымдық және рекреациялық туризм түрлеріне сұраныстың артып келетінін көрсетті. Зерттеу қорытындылары туризм саласын стратегиялық жоспарлау үдерісінде және туристік қызметтерді әртараптандыруда практикалық маңызға ие.

Кілт сөздер: *senior tourism*, егде жастағы туристер, туристік нарық, демографиялық қартаю, туристік сұраныс, қонақжайлылық индустриясы.

Кіріспе

Қазақстанда туризм саласын дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі

*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз: Жолманова Н., Абдикаримова М., Алимбеков Д., Аманғазыева А. Senior tourism нарығының қазіргі жағдайы мен даму тенденциялары // Bulletin of the International university of Tourism and Hospitality. –2026. – No1(11). –Б. 139–155. <https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2026-1.10>

*Cite us correctly: Zholmanova N., Abdikarimova M., Alimbekov D., Amangaziyeva A. Senior tourism narygynyn kazirgi zhagdayi men damu tendenciyalary [Current state and development trends of the senior tourism market] // Bulletin of the International University of Tourism and Hospitality. –2026. –No1(11). –P. 139–155. <https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2026-1.10>

болып табылады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Тағы бір маңызды мәселе, бұл – туризм. Жалпы, бұл салада біраз түйткілді мәселе бар. Шынын айту керек, кәсіби кадрлар тапшы. Осы саладағы бәсекеге қабілетіміз әлі де шамалы. Жергілікті атқарушы органдар әрдайым туризм инфрақұрылымын жан-жақты дамытуға баса мән беріп, осы жұмысқа жауапты болады. Ал шетелден туристер тарту мәселесі және отандық туризм саясатын заң тұрғысынан қамтамасыз ету орталық органдардың назарында болады. Қазіргі таңда бұл бағыттағы ең өзекті мәселе – заманауи инфрақұрылым салу. Егер осы міндетті ойдағыдай орындасақ, еліміздің курорттары жер жүзіне танылып, Қазақстанның бетке ұстар ұлттық бренді болмақ.»- деп атап көрсетті [1]. Осы контексте әлемдік туристік нарықта қарқынды дамып келе жатқан **senior tourism** сегменті ерекше ғылыми және практикалық маңызға ие. Демографиялық қартаю үрдісінің күшеюі егде жастағы туристердің саяхатқа деген сұранысын арттырып, олардың физиологиялық, әлеуметтік және сервистік ерекшеліктерін ескеретін туристік өнімдерді қалыптастыруды талап етеді. Алайда Қазақстанда **senior tourism** нарығы жүйелі түрде зерттелмеген және оның инфрақұрылымдық, институционалдық дамуы жеткіліксіз деңгейде қалыптасқан. Президент Жолдауында белгіленген туризм инфрақұрылымын дамыту, сервистік сапаны арттыру және саланы институционалдық тұрғыда жетілдіру міндеттері **senior tourism** нарығын дамытумен тығыз байланысты. Осыған орай, **senior tourism** нарығының қазіргі жағдайын талдау және оның даму тенденцияларын анықтау Қазақстанның туристік саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған өзекті ғылыми міндет болып табылады.

Қазіргі таңда әлемнің көптеген елдердерінде орын алып отырған демографиялық өзгерістер қоғам құрылым мен тұтынушылық мінез-құлыққа елеулі ықпал етіп, туризм индустриясының дамуына жаңа мүмкіндіктер ашуда. Осы тұрғыда туристік нарықтың қарқынды дамып келе жатқан сегменттерінің бірі – егде жастағы адамдарға арналған туризм (**senior tourism**) болып табылады. Бұл бағыт, әдетте, 50-60-жастан асқан адамдардың туристік сапарларын қамтиды. Егде жастағы халық санының артуы өмір сүру ұзақтығының өсуімен, медициналық қызмет сапасының жақсаруымен және зейнеткерлердің әлеуметтік-экономикалық жағдайының салыстырмалы түрде тұрақтануымен түсіндіріледі. Аталған факторлар аға буын өкілдерінің тұтынушылық белсенділігінің артуына ықпал етіп, ерекше қажеттіліктері мен сұраныстары бар туристердің жаңа тұрақты тобын қалыптастыруда.

Ғылыми-зерттеу жұмысының өзектілігі демографиялық құрылымның өзгеруімен, атап айтқанда, егде жастағы адамдар санының жаһандық деңгейде өсуімен анықталады. 2024 жылы дүниежүзілік **silver tourism** нарығының көлемі 1,720,1 млрд АҚШ долларына бағаланып, 2030 жылға қарай 2 623,4 млрд АҚШ долларына дейін өсуі күтілуде, бұл кезеңге орташа жылдық өсу қарқыны (**CAGR**) 7,3 % құрайды. Бұл өсім ең алдымен егде жастағы туристер арасында сауықтыру, мәдени-танымдық және демалыс бағыттарын сұраныс артуымен байланысты ЕО деңгейінде егде жастағы турист орташа есеппен күніне 52.6 еуро жұмсады, бұл жалпы орташа есеппен 65.3 еуромен салыстырғанда немесе күніне 12.7 еуроға аз. Туризм шығындарына әсіресе саяхаттардың ұзақтығы мен екінші үйлерде өткізілетін демалыстардың үлесі немесе қызу емес маусымдарда әсер ететінін атап өткен жөн [2].

Зерттеу тақырыбының өзектілігі халықтың қартаю үдерісінің тек әлеуметтік құбылыс қана емес, сонымен қатар туризм саласының дамуына тікелей әсер ететін маңызды экономикалық факторға айналуымен айқындалады. Егде жастағы туристер уақыттық

икемділікке, салыстырмалы қаржылық тұрақтылыққа және ерекше қажеттіліктерге (денсаулықты сақтау, жайлылық, қауіпсіздік, мәдени байыту) ие бола отырып, туроператорлар, қонақжайлылық индустриясы және туристік қызмет көрсетушілер үшін маңызды мақсатты аудитория ретінде қалыптасуда. Мәселен, Қытайдағы 60-жастан асқан туристер саны 2023 жылы 1,16 млрд сапарға жетіп, бұл елдегі туристік қозғалыстың 20,6% құрайтыны белгілі болды. Бұл көрсеткіш егде жастағы тұрғындардың ішкі туризмдегі үлесінің айтарлықтай маңызды екенін көрсетеді. Сонымен бірге сарапшылардың болжамынша, 2028 жылға қарай осы сегменттің нарықтық құны шамамен 2,7 трлн юань (шамамен 376 млрд АҚШ доллары) деңгейіне жетеді, бұл senior tourism саласының әлеуеті әрі тұрақты өсіп жатқанын айқындайды[3]. Қытай бұл тенденцияны қолдау үшін егде жастағы туристерге арналған арнайы пойыз маршруттарын дамыту жоспарын да жүзеге асырмақшы, бұл бағыт халықтың сапалы әрі қолайлы саяхат тәжірибесін кеңейтуге бағытталған маңызды шара болғандықтан, осындай бастамалар сектордың әрі қарай дамуына жағдай жасайды.

Елдегі өмір сүру ұзақтығының өсуі және жалпы ҚР халқының көбеюі егде жастағы азаматтар санының айтарлықтай өсуіне әкелді. Мәселен, 2024 жылдың басында Қазақстанда 60 жастан асқан 2,7 млн-нан астам адам өмір сүрген. Бір жыл ішінде қарттар саны 4,2%-ға өсті, ал соңғы онжылдықта орташа өсім жылына 4,4% құрады.

Абсолютті көрсеткіштердің өсуінен басқа, бұл жалпы халықтың үлесінің артуына әкелді. Мәселен, ағымдағы жылдың басында олардың үлесі 13,6%-ға жетті, ал 2020 жылдың ұқсас кезеңінде ол 12%-ға, ал 2010 жылы — 9,8%-ды ғана құрады. Әлбетте, ұзақ мерзімді перспективада ҚР-дағы егде жастағы адамдардың саны мен үлесі тек қана өсетін болады.

Халықаралық (БҰҰ) және қазақстандық (БЖЗК) сарапшылардың есептік деректері 2050 жылға қарай өмір сүру ұзақтығының ұлғаюына байланысты демографиялық кәріліктің жоғары деңгейі байқалатынын көрсетеді. Болжам бойынша, 60 жастан асқан адамдардың үлесі 16,7%-ға дейін артады [4]. Яғни, 2050 жылға қарай әрбір алтыншы қазақстандықтың жасы 60 жастан асатын болады. Соңғы 5 жылда бұл көрсеткіш тұрақты өсім динамикасын көрсетуде. Демографиялық қартаю үдерісі аясында егде жастағы азаматтардың әлеуметтік белсенділігі мен туристік сұранысы да артып келеді. Алайда Қазақстанда senior tourism жеке стратегиялық бағыт ретінде қалыптаспаған, туристік нарықта бұл сегментке арналған арнайы өнімдер жүйелі түрде ұсынылмайды.

Алайда отандық және халықаралық ғылыми әдебиеттерде senior tourism нарығының әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері мен даму перспективасы толыққанды зерттелмеген. Бұл ғылым мен практиканың қазіргі проблемасы ретінде senior tourism бағытындағы сұраныстарды сипаттау, туристік өнімдердің адаптациясы және сервистік инфрақұрылымының тиімділігін бағалауды қажет ететіндіктен, зерттеу тақырыбы өзекті болып табылады.

Зерттеу объектісі – туристік нарықтағы senior tourism сегменті, ал пәні – даму тенденциялары, тұтынушылық профильдері мен экономикалық көрсеткіштер. Зерттеудің мақсаты - senior tourism нарығының қазіргі жағдайын талдап, оның даму перспективаларын ғылыми тұрғыдан негіздеу. Зерттеу міндеттері: демографиялық трендтерді талдау; егде жастағы туристердің саяхат мотивациясы мен сұранысын зерделеу; нарықтағы өсу драйверлері мен кедергілерін анықтау; маркетингтік және қызмет көрсетудегі ұсыныстарды жүйелеу.

Зерттеу әдіс-тәсілдері ретінде салыстырмалы талдау, статистикалық деректерді өңдеу,

теориялық әдебиеттерге шолу және жүйелік талдау қолданылды. Зерттеу гипотезасы - senior tourism нарығы демографиялық қартаюмен байланысты тұрақты өсу көрсетіледі және туристік индустриядағы маңызды стратегиялық бағытқа айналуға.

Зерттеулер практикалық маңыздылығы – алынған нәтижелер мен ұсынымдарды туристік компаниялар мен саясат жоспарлаушылар қолдана отырып, егде жастағы туристерге бағытталған өнімдер мен қызметтерді тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер

Бұл зерттеуде senior tourism нарығының қазіргі жағдайы мен даму тенденцияларын ғылыми тұрғыдан негізді түрде талдау үшін кешенді әдіснамалық тәсіл қолданылды. Қолданылған әдістердің сенімділігі мен алынған нәтижелердің дұрыстығын қамтамасыз ету мақсатында зерттеу үдерісі бірнеше өзара байланысты кезеңдерге бөлініп, дәйекті түрде жүзеге асырылады.

Зерттеудің ақпараттық базасын халықаралық туристік ұйымдардың, экономикалық ынтымақтастықты және даму ұйымдарының, сондай-ақ ұлттық статистикалық органдардың ресми деректері құрады [5], [6]. Сонымен қатар senior tourism мәселелеріне арналған отандық және шетелдік ғылыми мақалалар, монографиялар мен аналитикалық баяндамалар пайдаланылды [7]. Аталған дереккөздер егде жастағы туристер санының динамикасын, туристер сұраныс құрылымын және нарықтың даму үрдістерін бағалауға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында сандық және сапалық әдістер кешені қолданылды. Сандық әдістер аясында дайын статистикалық деректерді жинақтау, салыстырмады және динамикалық талдау жүргізілді, бұл нарықтың уақыт бойынша өзгеру тенденцияларын анықтауға мүмкіндік берді. Сапалық әдістер ретінде ғылыми әдебиеттерге контент-талдау, жүйелік және құрылымдық-функционалдық талдау пайдаланылды, олар зерттелетін құбылыстың теориялық негіздерін тереңдетуге бағытталады [8].

Статистикалық деректерді өңдеу және нәтижелерді көрнекі көрсету үшін Microsoft Excel бағдарламасы қолданылды, ал деректерді салыстырмалы бағалау кезінде қарапайым статистикалық көрсеткіштер есептелді. Нәтижелерді бағалау әдістемесі дереккөздер арасындағы мәліметтердің сәйкестігін салыстыру, алынған нәтижелерді теориялық тұжырымдармен үйлестіру және жалпылау тәсілдеріне негізделді.

Қолданылған материалдар мен әдістер senior tourism нарығының қазіргі жағдайы мен даму тенденцияларын объективті түрде бағалауға мүмкіндік беріп, зерттеу нәтижелерінің ғылыми негізділігі мен практикалық маңыздылығын қамтамасыз етті.

Зерттеу барысында 2020–2024 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының демографиялық және туристік статистикалық деректері, сондай-ақ ҚР Туризм және спорт министрлігінің ашық есептері пайдаланылды. Сандық деректер салыстырмалы және динамикалық талдау әдістері арқылы өңделді.

Негізгі ережелер

Қазіргі демографиялық үрдістер әлемдік туристік нарықтың құрылымына елеулі ықпал етуде. Халықтың қартаюы нәтижесінде егде жастағы туристер сегменті туризм индустриясының стратегиялық маңызды бағыттарының біріне айналып отыр. Ғылыми зерттеулерге сәйкес, senior tourism нарығы сұранысқа ие, өйткені егде жастағы туристер уақыттық ресурстарға ие, саяхаттауға бейім және сапалы туристік қызметтерді тұтынуға

дайын болып табылады. Зерттеу тақырыбы бойынша негізгі ереже - senior tourism нарығының дамуы демографиялық қартаюымен ғана емес, сонымен қатар өмір сапасының артуы, медициналық қызметтердің жақсаруы және белсенді қартаю тұжырымдамасының кеңінен таралуымен тікелей байланысты. Егде жастағы туристер үшін туристік өнімдерді әзірлеуде қауіпсіздік, жайлылық, медициналық қолжетімділік және мәдени-танымдық мазмұн басым мәнге ие екені анықталды.

Ағымдағы жағдайды талдау senior tourism нарығының жеткілікті деңгейде институционалданбағанын, көптеген туристік дестинациялар мен кәсіпорындарда бұл сегментке арнайы бағытталған стратегиялардың болмауын көрсетеді [9]. Бұл жағдай нарықтың әлеуеті толық пайдаланылмай отырғанын дәлелдейді және зерттелетін мәселені шешу қажеттілігін негіздейді.

Зерттеудің негізгі идеясы senior tourism нарығын туризм индустриясының дербес әрі басым сегменті ретінде қарастыру қажеттілігін дәлелдеуге бағытталған. Егде жастағы туристерге арналған инфрақұрылым мен қызмет көрсету стандарттарын дамыту туризм саласының әлеуметтік-экономикалық тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, senior tourism нарығының қазіргі жағдайы мен даму тенденцияларын зерттеу ғылыми және практикалық мәнге ие болып, туризм саласындағы стратегиялық шешімдер қабылдауға сенімді негіз бола алады.

Әдебиетке шолу

Senior tourism нарығын зерттеу мәселесі соңғы онжылдықта әлемдік ғылыми қауымдастықтың назарын барған сайын көбірек аударып келеді. Бұл үрдіс, ең алдымен, әлем халқының қартаюымен, өмір сүру ұзақтығының артуымен және егде жастағы адамдардың әлеуметтік белсенділігінің өсуімен байланысты. Бірқатар зерттеулерде senior tourism туризм индустриясының дербес әрі тұрақты дамушы сегменті ретінде қарастырылады [10], [11].

Шетелдік ғылыми әдебиеттерде senior tourism ұғымы көбінесе «silver tourism», «elderly tourism» немесе «mature tourism» терминдерімен қатар қолданылады. Pestana M.H., Parreira A., Wang W. жүргізген библиометриялық талдау senior tourism бойынша зерттеулердің негізгі бағыттары ретінде туристік мотивация, тұтынушылық мінез-құлық, денсаулық пен әл-ауқат, сондай-ақ туристік қызметтердің бейімделуі мәселелерін анықтаған [10]. Бұл зерттеулерде егде жастағы туристердің саяхатқа деген қызығушылығы олардың денсаулығын сақтау, әлеуметтік байланыстарды кеңейту және өмір сапасын арттыру қажеттілігімен тығыз байланысты екені атап өтіледі [7].

Senior tourism саласындағы маңызды зерттеу бағыты- туристік мотивацияларды талдау. Otoo F.E. өз еңбегінде егде жастағы туристер үшін саяхаттың негізгі себептері ретінде демалыс пен релаксация, мәдени-танымдық қызығушылық және медициналық-сауықтыру қызметтерін көрсетеді [12]. Alén E., Domínguez T., Losada N. зерттеулері senior туристердің сапар барысында қауіпсіздікке, жайлылыққа және қызмет көрсету сапасына ерекше мән беретінін дәлелдейді [9]. Бұл тұжырымдар егде жастағы туризм нарығына арналған туристік өнімдерді жобалауда арнайы тәсілдерді қажет ететінін көрсетеді.

Ғылыми еңбектерді senior tourism-нің әлеуметтік әсері де кеңінен талданады. Chang L., Moyle B.D., Dupre K. туризмнің егде жастағы адамдардың психологиялық әл-ауқатына, өмірге қанағаттану деңгейіне және әлеуметтік интеграциясына оң ықпал ететінін жүйелі шолу арқылы дәлелдеген [13]. Алайда мұндай зерттеулер көбіне дамыған елдердің тәжірибесіне

негізделіп, дамушы елдер контексті жеткіліксіз қамтылған.

Нарықтық тұрғыдан алғанда, Mangunsong F. senior tourism нарығын туристік бизнес үшін жоғары әлеуетке ие бағыт ретінде сипаттайды және бұл сегментке бейімделген маркетингтік стратегиялардың маңыздылығын атап өтеді [11]. Sharma G.D., Stanimir A., Przybysz K., Roszko-Wójtowicz E. жүргізген зерттеулерінде библиометриялық әдіс арқылы senior tourism менеджменті бойынша зерттеулердің құрылымын талдап, бұл салада теориялық модельдердің жеткіліксіздігін көрсетеді [14].

Қазақстан Республикасында senior tourism мәселесіне арналған ғылыми еңбектер саны шектеулі. Отандық зерттеулер негізінен жалпы туризмнің дамуы, туристік инфрақұрылым және аймақтық туризм мәселелерін қамтиды.

Профессор Ydyrys S., Tursyn A., Kozhakhmet A., Abilda жасалған зерттеуде Түркістан өңіріндегі senior tourism-нің әлеуметік-экономикалық сипаттамалары сауалнама және тереңдетілген сұхбаттар негізінде талданған[15]. Нәтижелер егде жастағы туристердің туристің белсенділігіне қаржылық мүмкіндіктер, денсаулық жағдайы, көлік пен инфрақұрылым қолжетімділігі және қауіпсіздік факторларының тікелей әсерін көрсетеді. Егде жастағы туристердің басым бөлігі зейнеткерлер екенін және олардың саяхаттары негізіне ішкі туризммен шектелетінін анықтайды. Зерттеу нәтижелері өңірлік туризмді дамытуда әлеуметтік бағдарланған инфрақұрылым мен қаржылық қолдау тетіктерін енгізудің маңыздылығын негіздейді. Егде жастағы туристердің сұраныс ерекшеліктері, туристік қызметтерге қолжетімділік және әлеуметтік туризм аспектілері әлі де терең эмперикалық зерттеуді қажет етеді. Бұл жағдай зерттеліп отырған тақырыптың ғылыми жаңалығы мен өзектілігін арттырады.


Осылайша әдебиеттерге жасалған шолу senior tourism нарығының әлемдік ғылымда қалыптасқанымен, Қазақстан жағдайында бұл бағыттың жеткілікті деңгейде зерттелмегендігін көрсетті. Бұл зерттеу алдыңғы ғылыми еңбектердің теориялық тұжырымдарына сүйене отырып, senior tourism нарығын ұлттық контексте талдауға және оның даму тенденцияларын айқындауға бағытталады.

Талдау нәтижелері

1-Суретте халықаралық туризмдегі senior туристер үлесінің өсу тренді графикалық түрде бейнеленген. Графиктің визуалды талдауы өсімнің кездейсоқ немесе қысқа мерзімді құбылыс емес, керісінше ұзақ мерзімді және тұрақты трендке ие екенін көрсетеді.

Өсу сызығының үзіліссіз және бірқалыпты сипатта болуы, нарықтың дамуы жүйелік факторлардың әсерімен жүзеге асып жатқанын дәлелдейді.

Графиктен 2019 жылдан кейін өсу қарнының салыстырмалы түрде жеделдегені байқалады. Бұл үрдіс пандемиядан кейінгі кезеңде егде жастағы туристердің саяхатқа қайта оралуымен, сондай-ақ туризм индустриясының денсаулыққа бағдарланған қауіпсіздік пен жайлылыққа негізделген өнімдерге бет бұруымен байланысты. Егде жастағы туристер үшін медициналық сақтандыру, сауықтыру бағдарламалары, икемді маршруттар мен қолжетімді инфрақұрылымның кеңеюі олардың халықаралық туризмге қатысуын ынталандыратын негізгі фактор ретінде көрініс тапты.



Сурет – 1 – Халықаралық туризмдегі senior туристер үлесінің динамикасы

**Ескерту: UNWTO және OECD дереккөзі негізінде авторлар құрастырған [5], [6].*

Сонымен қатар график нарықтың демографиялық факторлармен тікелей байланысын айқын көрсетеді. Егде жастағы халық үлесінің артуы халықаралық туристік ағым құрылымында жас ерекшелігі бойынша қайта бөлініске алып келіп, senior туристердің үлесінің жүйелі түрде ұлғаюына себеп болып отыр. Бұл тұжырым Patterson I еңбегінде көрсетілген егде жастағы туристердің жоғары саяхат мотивациясы мен уақыттық икемділігі туралы қорытындылармен [7]., сондай-ақ Alén E., Domínguez T., Losada N. зерттеулеріндегі senior туризмнің тұрақты сұраныс сегменті ретінде қалыптасуы жөніндегі нәтижелерімен сәйкес келеді [9].

Графиктік талдау нәтижелері зерттеу гипотезасын толық растайды: senior tourism нарығы демографиялық қартаю жағдайында халықаралық туризмнің стратегиялық маңызды және тұрақты өсетін сегментіне айналып отыр. Бұл үрдіс алдағы кезеңдерде де сақталып, туризм индустриясында өнімдерді әртараптандыру, маусымдылықты төмендету және әлеуметтік бағдарланған туристік саясатты дамыту үшін маңызды негіз қалыптастырады.

Кесте - 1 – Senior tourism нарығының қазіргі жағдайы (2020-2024 жж.)

Аймақ	Жас санаты	Туристік нарықтағы үлесі	Дамудың негізгі ерекшеліктері
Қытай	60+	20-22%	Ішкі туризмнің өсуі, «silver» экономиканың дамуы
Еуропалық одақ	65+	18-23%	Мәдени және емдік туризмге басымдық
Жапония	65+	30%-ға жуық	Өмір сүру ұзақтығының жоғары болуы, қол жетімді орта
АҚШ	60+	20%-ға жуық	Круиздер, сауықтыру және медициналық туризмнің дамуы

**Ескерту: авторлар бастапқы деректер негізінде құрастырған [16],[17], [18], [19].*

1-кестеде келтіріліген демографиялық қартаю үдерісі айқын байқалатын елдерде senior tourism тұрақты өсіп отырғанын көрсетеді. Scopus және Web of Science дерекқорларында жарияланған зерттеулерге сәйкес, бұл сегмент Қытай мен Жапонияда қарқынды дамуда,

себебі бұл елдерде белсенді ұзақ өмір сүру саясаты мемлекеттік деңгейде қолдау табуда. Еуропалық одақ елдері мен АҚШ-та senior tourism жоғары төлем қабілеттілігімен және арнайы туристік өнімдерге бағытталуымен ерекшеленеді.

1-кестеде ұсынылған мәліметтер әлемдік туристік нарықта senior tourism сегментінің құрылымдық түрде қалыптасып, тұрақты даму траекториясына түскенін айқын көрсетеді. Демографиялық қартаю үдерісі айқын байқалатын Қытай, Жапония, Еуропалық одақ және АҚШ сияқты аймақтарда егде жастағы туристер туристік сұраныстың маңызды әрі дербес бөлігіне айналып отыр.

Қытай мысалында senior tourism-нің қарқынды дамуы елдегі ішкі туризмнің ауқымымен, халық санының көптігімен және «silver» экономика тұжырымдамасының мемлекеттік деңгейде жүзеге асырылуымен тығыз байланысты. 60 жастан асқан азаматтардың туристік қозғалыстағы үлесі 20-22% деңгейіне жетуі егде жастағы халықтың саяхатқа деген белсенді сұранысымен ғана емес, сонымен қатар олардың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін артқанын көрсетеді және Қытайдың ішкі туризм стратегиясының басым бағыттарының біріне айналдыруда.

Жапонияда senior tourism-нің үлесі шамамен 30% деңгейде болуы елдегі ең жоғары өмір сүру ұзақтығы, денсаулық сақтау жүйесінің дамуы және қолжетімді туристік ортаның қалыптасуымен түсіндіріледі. Жапон моделінде егде жастағы туристер тек тұтынушы ғана емес, белсенді әлеуметтік субъект ретінде қарастырылады және көбінесе мәдени-танымдық, сауықтыру түрлері дамып, тұрақты туризм қағидаттарымен ұштасады.

Еуропалық одақ елдерінде 65 жастан асқан туристердің үлесінің 18-23% аралығында болуы аймақтың демографиялық құрылымымен және әлеуметтік саясатымен байланысты. ЕО елдерінде senior tourism көбінесе мәдени мұра объектілеріне бағытталған, сондай-ақ емдік-сауықтыру туризмін қамтиды. Мұнда егде жастағы туристердің маусымаралық кезеңде саяхаттауға бейімділігі туристік нарықтағы маусымдылық мәселесін азайтуға мүмкіндік береді, бұл экономикалық тұрғыдан маңызды фактор болып табылады.

АҚШ-та senior tourism сегментінің ерекшелігі – егде жастағы туристердің жоғары төлем қабілеттілігі мен қызмет сапасына қоятын талаптарының жоғарылығы. Бұл елде көбінесе круиздік туризм, сауықтыру және медициналық туризм бағыттарымен сипатталады. Америкалық модельде туристік өнімдер егде жастағы адамдардың физикалық мүмкіндіктері мен денсаулық жағдайына бейімделіп, жоғары деңгейде сервисті көздейді.

Жалпы алғанда, 1-кестеде көрсетілген деректер senior tourism нарығында жекелеген елдердегі локалды құбылыс емес, керісінше жаһандық туристік нарықтың стратегиялық маңызды сегментіне айналғанын дәлелдейді. Бұл сегменттің дамуы демографиялық өзгерістермен қатар, әлеуметтік саясат, инфрақұрылым сапасы және туристік өнімдердің бейімделу деңгейімен тікелей байланысты. Осы тұрғыдан senior tourism-ды зерттеу қазіргі туризм теориясы мен тәжірибесі үшін өзекті ғылыми бағыт болып табылады.

1-кестеде ұсынылған деректерді талдау нәтижелері нарықтың қазіргі кезеңде жаһандық туристік жүйенің тұрақты әрі стратегиялық маңызды сегментіне айналғанын дәлелдейді. Қытай, Жапония, Еуропалық одақ және АҚШ мысалдары егде жастағы туристердің туристік сұраныстағы үлесінің жыл сайын артып отырғанын және бұл үрдістің ұзақ мерзімді сипатқа ие екенін көрсетті.

Senior tourism дамуының негізгі алғышарттары ретінде халықтың демографиялық қартаюы, егде жастағы адамдардың әлеуметтік-экономикалық белсенділігінің артуы және мемлекет тарапынан белсенді ұзақ өмір сүру саясатының жүзеге асырылуы анықталды.

Әсіресе Қытай мен Жапония тәжірибесі ұлттық туризм стратегиясының басым бағыты ретінде қарастыру қажеттігін айқындайды.

Сонымен қатар, зерттелген аймақтардағы айырмашылықтар senior tourism дамуының біркелкі емес екендігін көрсетеді. Мысалы, Еуропалық одақ елдерінде бұл сегмент мәдени-танымдық сауықтыру туризмімен ұштаса, АҚШ-та жоғары төлем қабілеттігіне негізделген premium-сегмент пен криуздік туризм басымдыққа ие. Бұл елдің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне, инфрақұрылым сапасына және туристік саясат тәуелді екенін көрсетеді. Еуропа елдерінде senior tourism мемлекеттік деңгейде қолдау табады: зейнеткерлерге арналған субсидияланған турлар, маусымаралық жеңілдіктер және кедергісіз орта стандарттары кеңінен енгізілген.

Қазақстанда мұндай жүйелі қолдау механизмдері әзірге қалыптаспаған. Бұл нарықтың институционалдық тұрғыдан әлсіз дамуын көрсетеді.

2020–2024 жылдар аралығында Қазақстанда ішкі туристер саны пандемиялық құлдыраудан кейін тұрақты өсім көрсетті. 2023 жылы ішкі туристер саны 9 млн адамнан асты, бұл 2020 жылмен салыстырғанда айтарлықтай жоғары көрсеткіш.

Сонымен қатар, 60+ жастағы халық санының жыл сайынғы өсімі шамамен 2–3 % деңгейінде байқалады. Бұл senior tourism сегментінің әлеуетті тұтынушылар базасының кеңейіп келе жатқанын көрсетеді.

Дегенмен, туристік нарықта егде жастағы туристерге арналған арнайы турпакеттердің үлесі төмен, инфрақұрылым толық бейімделмеген, ал маркетингтік коммуникациялар негізінен жастар мен орта жас сегментіне бағытталған.

Senior tourism нарығын дамыту туристік маусымдылықты төмендетуге, туристік өнімдерді әртараптандыруға және туризм индустриясының тұрақты дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және де ғылыми зерттеулер мен практикалық туризм саясаты үшін болашағы зор, әрі кешенді түрде зерделеуде талап ететін маңызды бағыт болып табылады.

Senior tourism нарығының дамуын талдау көрсеткендей, негізгі қозғаушы күш – демографиялық қартаю үдерісі, ол ХХІ ғасырдың жаһандық үдерістерінің бірі болып табылады. Егде жастағы туристердің экономикалық тұрақтылығы мен цифрлық технологиялардың енгізілуі туристік қызметтерге деген тұрақты сұранысты қалыптастырады. Сонымен қатар, қолжетімді туристік инфрақұрылымды дамыту саяхатының қауіпсіздігі мен жайлылығын арттырады.

Кесте - 2 –Senior tourism дамуына әсер ететін факторлар

Факторлардың тобы	Сипаттамасы	Нарыққа әсері
Демографиялық	Халықтың қартаюуы	Туристік сұраныстың артуы
Экономикалық	Зейнеткерлердің тұрақты табысы	Нарық көлемінің ұлғаюуы
Әлеуметтік	Белсенді қартаю тұжырымдамасы	Туристік белсенділіктің өсуі
Технологиялық	Цифрлық платформалар, электронды туризм	Қолжетімділіктің артуы
Инфрақұрылымдық	Кедергісіз, қолайлы орта	Мақсатты аудиторияның кеңеюі
<i>Ескерту: авторлар бастапқы деректер негізінде құрастырған[5],[20], [21], [22], [23].</i>		

2-кестеде ұсынылған факторлар нарықтың дамуын айқындайтын кешенді және өзара байланысты жүйені сипаттайды. Бұл нарықтың қалыптасуы бір ғана факторға емес,

демографиялық, экономикалық, әлеуметтік, технологиялық және инфрақұрылымдық алғышарттардың үйлесімді әсеріне негізделеді.

Демографиялық фактор *senior tourism* дамуының базалық әрі анықтаушы күші болып табылады. ХХІ ғасырда әлем халқының қартаюы тұрақты және қайтымсыз үрдіске айналып, егде жастағы адамдардың жалпы халық құрылымындағы үлесін арттыруда. Бұл өз кезегінде туристік сұраныстың жас ерекшелігі бойынша қайта құрылуына алып келеді және ғылыми зерттеулерде демографиялық трансформацияның тікелей нәтижесі ретінде қарастырылады.

Экономикалық фактордың маңызы ретінде егде жастағы туристердің тұрақты табыс көздерінің (зейнетақы, жинақ, инвестициялық кірістер) болуымен тікелей байланысты. Бұл жағдай *senior tourism* нарығының экономикалық тұрғыдан тартымды және салыстырмалы сегментке айналдырады. Сонымен қатар, егде жастағы туристердің сапалы қызметке сұранысы туристік өнімдердің бағалық және құрылымдық өзгеруіне әсер етеді.

Әлеуметтік фактор, атап айтқанда «белсенді қартаю» тұжырымдамасы, *senior tourism* дамуының жаңа идеологиялық негізін қалыптастырады. Егде жастағы адамдардың физикалық және әлеуметтік белсенділігін сақтауға бағытталған бұл тұжырымдама туризмді денсаулықты қолдау мен өмір сапасын арттыру құралы ретінде қарастыруға мүмкіндік беруі нәтижесінде әлеуметтік инклюзияны күшейтетін факторға айналды.

Технологиялық фактор *senior tourism* нарығында екі жақты рөл атқарады. Бір жағынан цифрлық платформалар, онлайн брондау жүйелері мен мобильді қосымшалар туристік қызметкердің қолжетімділігін арттырса, екінші жағынан цифрлық сауаттылық деңгейінің әркелкілігі бұл сегмент үшін белгілі бір шектеулер тудыруы мүмкін. Сондықтан заманауи зерттеулерде технологияны егде жастағы туристерге бейімдеу қажеттілігінің маңызы көрсетіледі.

Инфрақұрылымдық фактор дамудың практикалық негізін құрайды. Кедергісіз орта, медициналық сүйемелдеу, қауіпсіз көлік жүйесі және қолжетімді орналастыру орындары егде жастағы туристердің саяхатқа қатысу мүмкіндігін кеңейтеді. Бұл факторлардың жеткіліксіз дамуы нарықтың өсуін тежейтін негізгі тосқауылдардың бірі ретінде қарастырылады.

2-кестеде көрсетілген факторлар нарықтың дамуы көпөлшемді және жүйелік сипатқа ие екенін дәлелдейді. Бұл сегментті тиімді дамыту үшін туристік саясат демографиялық үрдістерді ескерумен қатар, экономикалық ынталандыру, әлеуметтік қолдау, технологиялық бейімдеу және инфрақұрылымды жаңғырту шараларын кешенді түрде жүзеге асыруды талап ететіндіктен, ғылыми зерттеулер мен практикалық туризмді басқару үшін стратегиялық маңызы бар бағыт болып табылады.



Сурет – 2 – Senior туристердің туристік сұраныс құрылымы

**Ескерту: OECD дереккөзі негізінде авторлар құрастырған [6], [7], [13].*

Зерттеу барысында senior туристердің туристік сұраныс құрылым анықталады. Нәтижелер көрсеткендей, сауықтыру-емдік және мәдени-танымдық туризм түрлері басым бағыттар болып табылады. Бұл деректер егде жастағы туристер үшін денсаулық, жайлылық және мазмұн сапасының шешуші рөл атқаратынын дәлелдейді. Сонымен қатар, туристердің орташа шығыны басқа жас топтарға қарағанда жоғары екені анықталды, бұл олардың экономикалық тұрғыдан тартымды сегмент екенін көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері senior туристердің туристік сұраныс құрылымы жас туристерге қарағанда айқын ерекшеленетінін көрсетті. 2-суретте ұсынылған деректерге сәйкес, егде жастағы туристер арасында сауықтыру-емдік туризм 38% жетекші бағыт болып табылады. Бұл көрсеткіш senior tourism нарығында денсаулықты сақтау, алдын алу және өмір салтын сапасын арттыруға бағытталған туристік өнімдердің басымдыққа ие екенін дәлелдейді.

2-суретте сауықтыру-емдік туризм үлесінің айқын басымдығын көрсетіп, бұл сегменттің құрылымдық ядро екенін анық айқындайды. Мұндай үрдіс халықаралық ғылыми әдебиеттерде де расталады, онда егде жастағы туристер үшін саяхаттың негізгі мотивацияларының бірі физикалық және психологиялық әл-ауқатты қолдау екенін көрсетті. Сонымен қатар сауықтыру тураларының маусымаралық кезеңде сұранысқа ие болуы нарықтың тұрақтылығын күшейтетін маңызды фактор ретінде қарастырылады.

Мәдени-танымдық туризмнің (29%) жоғары үлесі senior туристердің интеллектуалдық және әлеуметтік қажеттіліктерінің маңыздылығын көрсетеді. Егде жастағы туристер үшін тарихи-мәдени мұра объектілеріне бару, музейлер, театрлар мен экскурсиялық бағдарламалар тек демалыс формасы ғана емес, өмір бойы білім алу және әлеуметтік интеграция құралы ретінде қабылданады.

Рекреациялық туризмнің (21%) үлесі егде жастағы туристердің табиғи ортада демалу, тыныш әрі жайлы ортада уақыт өткізуге бейімділігін көрсетеді. Бұл бағыт slow туризм тұжырымдамасымен ұштасып, асықпайтын, экологиялық тұғырдан тұрақты және физикалық жүктемесі төмен саяхат форматын қамтиды. Диаграммалық талдау рекреациялық туризмнің карт туристерге қосалқы емес, дербес және тұрақты сұраныс сегменті екенін көрсетті.

Басқа туризм түрлерінің (12%) салыстырмалы түрде төмен үлесі егде жастағы туристердің тәуекелге, экстремалды немесе қарқынды туристік қызмет түрлеріне төмен бейімділігін көрсетеді. Бұл жағдай туристік өнімдерді жобалау барысында қауіпсіздік, жайлылық және медициналық қолжетімділік факторларын бірінші кезекке қою қажеттігін тағы бір рет дәлелдейді.

Кесте - 3 – Қазақстандағы senior tourism нарығына SWOT–талдау

S – Strengths (Күшті жақтары)	W – Weaknesses (Әлсіз жақтары)
<ul style="list-style-type: none"> ➤ Шипажай-курорттық және емдік-сауықтыру туризмінің дамыған базасы (Сарыағаш, Бурабай, Алакөл және т.б.) ➤ Ішкі туризмге мемлекеттік қолдау бағдарламалары ➤ Маусымаралық кезеңде туристік жүктемені теңестіру мүмкіндігі ➤ Табиғи-климаттық ресурстардың алуан түрлілігі ➤ Демографиялық картаю үрдісі – 60+ халық санының тұрақты өсуі 	<ul style="list-style-type: none"> ➤ Инфрақұрылымның толық бейімделмеуі (кедергісіз орта стандарттарының әлсіздігі) ➤ Егде жастағы туристерге бағытталған турөнімдердің аздығы ➤ Қызмет көрсету персоналының геронтологиялық ерекшеліктер бойынша дайындық деңгейінің төмендігі ➤ Маркетингтің жастар сегментіне бағытталуы ➤ Senior tourism арнайы сегмент ретінде стратегиялық деңгейде қалыптаспаған

Кестенің жалғасы келесі бетте...

O – Opportunities (Мүмкіндіктер)	T – Threats (Қауіптер)
<ul style="list-style-type: none"> ➤ Тұрақты туризм қағидаттарын енгізу арқылы халықаралық нарыққа шығу ➤ Медициналық және wellness туризмін senior сегментімен біріктіру ➤ Мемлекеттік әлеуметтік туризм бағдарламаларын кеңейту ➤ Көршілес елдерден (Ресей, Қытай) егде туристерді тарту мүмкіндігі ➤ Әлемдік тренд – healthy aging және белсенді қартаю концепциясының дамуы 	<ul style="list-style-type: none"> ➤ Денсаулыққа байланысты тәуекелдер ➤ Экологиялық деградация (курорттық аймақтардағы антропогендік жүктеме) ➤ Инфляция және турқызметтердің қымбаттауы ➤ Бәсекелес елдердің (Түркия, Еуропа, Кавказ аймағы) дайын инфрақұрылымы ➤ Егде жастағы халықтың төлем қабілеттілігінің шектеулі болуы
<p><i>*Ескерту: авторлар құрастырған</i></p>	

3-кестедегі SWOT-талдау нәтижелері Қазақстанда senior tourism сегментінің объективті әлеуеті жоғары екенін көрсетеді. Демографиялық өсім мен шипажайлық базаның болуы ішкі артықшылық ретінде көрінеді. Алайда нарық институционалдық тұрғыдан толық қалыптаспаған және инфрақұрылым бейімделуі жеткіліксіз.

Мүмкіндіктер блогы Қазақстанда тұрақты даму қағидаттарын енгізу арқылы senior tourism-ды экономикалық және әлеуметтік тұрақтылық факторы ретінде дамытуға болатынын көрсетеді. Қауіптер негізінен экономикалық және денсаулыққа байланысты тәуекелдермен байланысты.

Қазақстанда senior tourism сегментін дамыту үшін келесі бағыттарды жүзеге асыру ұсынылады:

1. туристік инфрақұрылымды кедергісіз орта стандарттарына сәйкестендіру;
2. шипажай және емдік-сауықтыру туризмін егде жастағы сегментке бейімдеу;
3. маусымаралық кезеңде 60+ жасқа арналған жеңілдікті турпакеттер енгізу;
4. мемлекеттік бағдарламалар аясында әлеуметтік туризм элементтерін дамыту;
5. егде жастағы туристерге арналған цифрлық қолжетімді сервистерді жетілдіру.

Туристік сұранысы құрылымдық тұрғыда денсаулыққа бағдарланған, мазмұндық тұрғыда бай және жайлылыққа негізделген екенін айқын көрсетеді. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері егде туристердің орташа туристік шығындарының басқа жас топтарына қарағанда жоғары екенін растай отырып, туристік бизнес үшін экономикалық тұрғыдан тартымды сегментке айналдырып, жоғары қосылған құны бар туристік өнімдерді дамытуға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу көрсеткендей, senior tourism нарығы әлемдік туризм индустриясында құрылымдық тұрғыдан тұрақты және ұзақ мерзімді өсуге ие сегмент болып табылады. Статистикалық деректерге сәйкес, егде жастағы туристердің халықаралық туристік ағымдағы үлесі жыл сайын артып келеді. Бұл үрдіс кездейсоқ емес, демографиялық қартаю, өмір сүру ұзақтығының ұлғаюы және әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың жақсаруы сияқты жүйелі факторлармен түсіндіріледі.

Зерттеу барысында senior туристердің сұранысы талданып, олардың басым бағыттары ретінде сауықтыру-емдік, мәдени-танымдық және рекреациялық туризм түрлері анықталды. Бұл жағдай егде жастағы туристер үшін денсаулық сақтау, қауіпсіздік, жайлылық және сапалы

қызметтің шешуші рөл атқаратынын көрсетеді. Сонымен қатар, олардың орташа туристік шығынының салыстырмалы түрде жоғары болуы бұл сегменттің экономикалық тартымдылығын арттырады және туристік дестинациялар мен қызмет көрсетушілер үшін стратегиялық маңызды екенін дәлелдейді.

Senior tourism бағыты тұрақты туризмді дамыту тұрғысынан да ерекше потенциалға ие. Егде жастағы туристерге бейімделген инфрақұрылым құру, қызмет көрсету стандарттарын жетілдіру және арнайы туристік өнімдер әзірлеу маусымдылықты төмендетуге, туристік сұранысты әртараптандыруға және әлеуметтік инклюзияны арттыруға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, зерттеу гипотезасы расталды: демографиялық қартаю жағдайында senior tourism индустрия үшін стратегиялық маңызы бар және тұрақты дамушы бағытқа айналуға. Алынған нәтижелер туризм саласында шешім қабылдауға, туристік саясатты қалыптастыруға және егде жастағы туристерге бағытталған инклюзивті әрі тұрақты модельдерді дамытуға ғылыми-тәжірибелік негіз бола алады. Осылайша, Қазақстанда senior tourism сегментінің дамуы демографиялық үрдістермен объективті түрде негізделгенімен, қазіргі уақытта бұл нарық толық институционалданбаған. Тұрақты даму қағидаттарын енгізу арқылы аталған сегмент экономикалық өсімнің, әлеуметтік интеграцияның және өңірлік туризмді әртараптандырудың маңызды драйверіне айнала алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. – URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-zhasandy-intellekt-dauirindegi-kazakstan-ozekti-maseleler-zhane-ony-tubegeyli-cifryk-ozgerister-arkyly-sheshu-881957>
2. Grand View Research. Silver Tourism Market Size, Share & Trends Analysis Report. – 2024. – URL: <https://www.grandviewresearch.com/industry-analysis/silver-tourism-market-report>
3. China Tourism Academy. Silver Economy and Tourism Development Statistics. – Beijing, 2025. – URL: <https://www.chinadaily.com.cn/a/202502/26/WS67be78a1a310c240449d752c.html>
4. Live Long and Prosper: Kazakhstan's Population Ageing // The Times of Central Asia. – 08.08.2024. – URL: <https://timesca.com/live-long-and-prosper-kazakhstans-population-ageing/>
5. United Nations World Tourism Organization. Tourism and Demographic Change. – Madrid: UNWTO, 2022. – 56 p.
6. Organisation for Economic Co-operation and Development. Tourism Trends and Policies 2024. – Paris: OECD Publishing, 2024. – 310 p.
7. Patterson I. Tourism and Leisure Behaviour of Older Adults. – Wallingford: CABI Publishing, 2018. – 280 p.
8. Cooper C., Fletcher J., Fyall A., Gilbert D., Wanhill S. Tourism: Principles and Practice. – 6th ed. – Harlow: Pearson Education, 2019. – 720 p.
9. Alén E., Domínguez T., Losada N. Active senior tourism: motivations and expectations // Journal of Travel & Tourism Marketing. – 2012. – Vol. 29, No. 5. – P. 462–482.
10. Pestana M. H., Parreira A., Wang W. Bibliometric analysis and trends: an application in senior tourism // International Journal of Business and Economics. – 2019. – Vol. 18, No. 3. – P. 329–345.

11. Mangunsong F. Senior tourism and chance for tourism business players // *Journal of Tourism, Hospitality and Environment Management*. – 2020. – Vol. 5, No. 19. – P. 1–13.
12. Otoo F. E. Analysis of studies on the travel motivations of senior tourists. – Hong Kong: The Hong Kong Polytechnic University, 2020. – 215 p.
13. Chang L., Moyle B. D., Dupre K. Progress in research on seniors' well-being in tourism: a systematic review // *Tourism Management Perspectives*. – 2022. – Vol. 41. – P. 100–115.
14. Sharma G. D., Stanimir A., Przybysz K., Roszko-Wójtowicz E. Elderly tourism management: a bibliometric approach // *Business Perspectives*. – 2023. – Vol. 18, No. 2. – P. 45–61.
15. Ydyrys S., Tursyn A., Kozhakhmet A., Abilda A. SocioEconomic Characteristics of Senior Tourism in the Turkestan Region // *Bulletin of the International University of Tourism and Hospitality*. – 2025. – No. 4(10). – P. 216–225. <https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2025-4.16>
16. China Tourism Academy. Silver Economy and Tourism Development Report 2025. – Beijing, 2025. – 120 p.
17. European Commission. Ageing Europe: Tourism and Mobility. – Brussels, 2022.
18. Yamada M., Suzuki H. Senior tourism in Japan: trends and challenges // *Tourism Management*. – 2023. – Vol. 94.
19. Smith S., Puczkó L. Health, wellness and senior tourism // *Journal of Travel Research*. – 2021.
20. OECD. Silver Economy and Tourism Demand. – Paris, 2021.
21. Walker A. Active ageing and tourism participation // *Ageing & Society*. – 2020.
22. Gretzel U. Digital transformation and senior tourists // *Information Technology & Tourism*. – 2022.
23. Darcy S. Accessible tourism for ageing societies // *Annals of Tourism Research*. – 2021.

REFERENCES

1. Tokayev K.-Zh. Memleket basshysy Kasym-Zhomart Tokayevtyñ «Zhasandy intellekt daurindegi Kazakhstan: ozekti maseleler zhane ony tubegeli cifrlyk ozgerister arkuly sheshu» aty Kazakhstan halkyna Zholdauy [Address of the Head of State Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan “Kazakhstan in the era of artificial intelligence: current issues and their solution through digital transformation”] // Official website of the President of the Republic of Kazakhstan. – URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokayevtyñ-kazakhstan-halkyna-zholdauy-zhasandy-intellekt-daurindegi-kazakhstan-ozekti-maseleler-zhane-ony-tubegeyli-cifrlyk-ozgerister-arkuly-sheshu-881957>
2. Grand View Research. Silver Tourism Market Size, Share & Trends Analysis Report. – 2024. – URL: <https://www.grandviewresearch.com/industry-analysis/silver-tourism-market-report>
3. China Tourism Academy. Silver Economy and Tourism Development Statistics. – Beijing, 2025. – URL: <https://www.chinadaily.com.cn/a/202502/26/WS67be78a1a310c240449d752c.html>
4. Live Long and Prosper: Kazakhstan's Population Ageing // *The Times of Central Asia*. – 08.08.2024. – URL: <https://timesca.com/live-long-and-prosper-kazakhstans-population-ageing/>
5. United Nations World Tourism Organization. Tourism and Demographic Change. – Madrid: UNWTO, 2022. – 56 p.
6. Organisation for Economic Co-operation and Development. Tourism Trends and Policies 2024. – Paris: OECD Publishing, 2024. – 310 p.
7. Patterson I. Tourism and Leisure Behaviour of Older Adults. – Wallingford: CABI Publishing, 2018. – 280 p.

8. Cooper C., Fletcher J., Fyall A., Gilbert D., Wanhill S. Tourism: Principles and Practice. – 6th ed. – Harlow: Pearson Education, 2019. – 720 p.
9. Alén E., Domínguez T., Losada N. Active senior tourism: motivations and expectations // Journal of Travel & Tourism Marketing. – 2012. – Vol. 29, No. 5. – P. 462–482.
10. Pestana M. H., Parreira A., Wang W. Bibliometric analysis and trends: an application in senior tourism // International Journal of Business and Economics. – 2019. – Vol. 18, No. 3. – P. 329–345.
11. Mangunsong F. Senior tourism and chance for tourism business players // Journal of Tourism, Hospitality and Environment Management. – 2020. – Vol. 5, No. 19. – P. 1–13.
12. Otoo F. E. Analysis of studies on the travel motivations of senior tourists. – Hong Kong: The Hong Kong Polytechnic University, 2020. – 215 p.
13. Chang L., Moyle B. D., Dupre K. Progress in research on seniors' well-being in tourism: a systematic review // Tourism Management Perspectives. – 2022. – Vol. 41. – P. 100–115.
14. Sharma G. D., Stanimir A., Przybysz K., Roszko-Wójtowicz E. Elderly tourism management: a bibliometric approach // Business Perspectives. – 2023. – Vol. 18, No. 2. – P. 45–61.
15. Ydyrys S., Tursyn A., Kozhakhmet A., Abilda A. SocioEconomic Characteristics of Senior Tourism in the Turkestan Region // Bulletin of the International University of Tourism and Hospitality. – 2025. – No. 4(10). – P. 216–225. <https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2025-4.16>
16. China Tourism Academy. Silver Economy and Tourism Development Report 2025. – Beijing, 2025. – 120 p.
17. European Commission. Ageing Europe: Tourism and Mobility. – Brussels, 2022.
18. Yamada M., Suzuki H. Senior tourism in Japan: trends and challenges // Tourism Management. – 2023. – Vol. 94.
19. Smith S., Puczkó L. Health, wellness and senior tourism // Journal of Travel Research. – 2021.
20. OECD. Silver Economy and Tourism Demand. – Paris, 2021.
21. Walker A. Active ageing and tourism participation // Ageing & Society. – 2020.
22. Gretzel U. Digital transformation and senior tourists // Information Technology & Tourism. – 2022.
23. Darcy S. Accessible tourism for ageing societies // Annals of Tourism Research. – 2021.

<p>Н. ЖОЛМАНОВА Туризм магистрі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Қазақстан, Астана) e-mail: nazerke.jolmanova@iuth.edu.kz</p>	<p>М. АБДИКАРИМОВА PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Қазақстан, Астана) e-mail: abdikarimova_mn@enu.kz</p>
<p>Д. АЛИМБЕКОВ Туризм магистрі, Халықаралық туризм және меймандостық университеті (Қазақстан, Түркістан) e-mail: damirbek.alimbekov@iuth.edu.kz</p>	<p>А. АМАНҒАЗЫЕВА Туризм магистрі, Халықаралық туризм және меймандостық университеті (Қазақстан, Түркістан) e-mail: a.amangazyeva@iuth.edu.kz</p>
<p>22.08.2025 ж. баспаға түсті 17.03.2026ж. түзетулермен келді 30.03.2026ж. басып шығаруға қабылданды</p>	

N. ZHOLMANOVA^{1✉}, M. ABDIKARIMOVA¹, D. ALIMBEKOV², A. AMANGAZYYEVA²

¹ L.N. Gumilyov Eurasian National University

(Kazakhstan, Astana), e-mail: nazerke.jolmanova@iuth.edu.kz

²International University of Tourism and Hospitality (Kazakhstan, Turkistan)

CURRENT STATE AND DEVELOPMENT TRENDS OF THE SENIOR TOURISM MARKET

Abstract. *This scientific article provides a comprehensive analysis of the current state and development trends of the senior tourism market. Contemporary global demographic changes, particularly the acceleration of population ageing processes, determine the growing role of the elderly tourist segment within the tourism industry. In this context, tourism for older adults is considered one of the socially and economically significant and promising segments of tourism. The main purpose of the study is to identify the characteristics of the formation of the senior tourism market, its development directions, and the structure of consumer demand. The research examines travel motivations of elderly tourists, their tourism behavior, service quality requirements, and specific features of tourism product selection. The scientific significance of the study lies in the systematization of the theoretical foundations of the senior tourism concept and the identification of key factors influencing the development of this market. The practical significance is reflected in the development of recommendations for tourism products and services tailored to the needs of elderly tourists. The methodological framework of the research is based on a review of academic literature, comparative analysis, statistical data processing, and a systemic approach. The results indicate that the senior tourism market has a high potential for sustainable development and is characterized by a growing demand for wellness, cultural, and recreational tourism. The findings have practical value for strategic planning in tourism and the diversification of tourism activities.*

Keywords: *senior tourism, elderly tourists, tourism market, demographic ageing, tourism demand, hospitality industry*

Н. ЖОЛМАНОВА^{1✉}, М. АБДИКАРИМОВА¹, Д. АЛИМБЕКОВ², А. АМАНГАЗЫЕВА²

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва

(Казахстан, Астана), e-mail: nazerke.jolmanova@iuth.edu.kz

²Международный университет туризма и гостеприимства (Казахстан, Туркестан)

СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ РЫНКА SENIOR TOURISM

Аннотация. *В данной научной статье всесторонне анализируются современное состояние и тенденции развития рынка senior tourism. Современные глобальные демографические изменения, в частности ускорение процессов старения населения, определяют возрастающую роль сегмента пожилых туристов в туристской индустрии. В связи с этим направление туризма для лиц старшего возраста рассматривается как один из социально-экономически значимых и перспективных сегментов туризма.*

Основной целью исследования является выявление особенностей формирования рынка senior tourism, направлений его развития и структуры потребительского спроса. В ходе исследования изучены мотивации путешествий пожилых туристов, их туристское поведение, требования к качеству обслуживания, а также особенности выбора туристских

продуктов. Научная значимость работы проявляется в систематизации теоретических основ понятия *senior tourism* и определении ключевых факторов, влияющих на развитие данного рынка. Практическая значимость заключается в разработке рекомендаций для туристских продуктов и услуг, ориентированных на пожилых туристов. Методологической основой исследования послужили анализ научной литературы, сравнительный анализ, обработка статистических данных и системный подход. Результаты исследования показали, что рынок *senior tourism* обладает высоким потенциалом устойчивого развития, а также характеризуется растущим спросом на оздоровительный, культурно-познавательный и рекреационный туризм. Полученные Выводы имеют практическое значение для процессов стратегического планирования в туризме и диверсификации туристской деятельности.

Ключевые слова: *senior tourism*, пожилые туристы, туристский рынок, демографическое старение, туристский спрос, индустрия гостеприимства